

СТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ	
ПРАВЛЕНИЯ ЮСТИЦИИ МЕДЕУ РАЙОНА	
<u>2017</u>	<u>01</u> - <u>06</u> занды
ТУЛУА ЧЕМПАКСЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНЫ өткізбек	
<u>№ 101-1910-06-МК</u>	күнелк
<u>шың тіркелген күні</u> <u>2009</u> ж. <u>25</u> 12	
НИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ	
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУСКОГО РАЙОНА	
произведена государственная перерегистрация	
индивидуального лица "01" 06 20 17 г.	
дательство № 101-1910-06-ГП	
а первичной регистрации «25» 12 20 09 г.	
БСН/БИН 020340004264	



Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік мулік және
жекешелендіру комитеті

2017 жылғы «4» маинор
№ 516 бүйрекшімен бекітілген

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ	
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУ РАЙОНА	
<u>2017-28-06</u>	
ж. « <u>25</u> » <u>12</u> 2009 г.	
занды тұрағанемен тұрғындар мен кітапханалардың № 101-1910-06-111	
күелік	
Алғашы тұрғалған күнде ж. « <u>25</u> » <u>12</u>	
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ	
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУСКОГО РАЙОНА	
произведена государственная регистрация	
юридического лица "28" 06 20 17 г.	
свидетельство № 101-1910-06-111	
Дата первичной регистрации "25" 12 2009 г.	
БСН/БИН 0203 4000 42 89	

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің байқау кеңесімен «Қазақстан Республикасының Ұлттық фтизиопульмонология ғылыми орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғысы

Алматы қаласы, 2017 жыл

Алматы қаласы, 2017 жыл

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің байқау кеңесімен «Қазақстан Республикасының Ұлттық фтизиопульмонологияғылық орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің қарамағындағы республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарды қайта ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 18 қаңтардағы № 8 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық фтизиопульмонологияғылық орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын қайта құру жолымен құрылды және оның барлық құқықтары мен міндеттерінің, оның ішінде тараптардың даулы міндеттерінің құқықтық мирасқоры болып табылады.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты мемлекеттік республикалық меншік құқығы субъектісінің құқығын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі – мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы:

толық:

мемлекеттік тілде – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің байқау кеңесімен «Қазақстан Республикасының Ұлттық фтизиопульмонологияғылық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

орыс тілінде - республикансское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Национальный научный центр фтизиопульмонологии Республики Казахстан» с наблюдательным советом Министерства здравоохранения и социального развития Республики Казахстан;

қысқа:

мемлекеттік тілде – КРДСӘМ «КР ҰФО» ШЖҚ РМК;

орыс тілінде – РГП на ПХВ «ННЦФ РК» МЗСР РК.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері - 050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бекхожин көшесі, №5.

2. Кәсіпорынның зандық мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және занды тұлға құқығына ие болады.

9. Кәсіпорынның заннамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жағдайларды қоспағанда, занды тұлғаларды құра аламайды, сондай-ақ басқа занды тұлғаның құрылтайшысы (қатысуышы) бола алмайды.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорын жасайтын және Қазақстан Республикасының заннамалық актілеріне сәйкес міндепті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заннамалық актілерінде өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметтерінің мақсаты Қазақстан Республикасында туберкулез инфекциясы мен басқа да тыныс алу мүшелерінің ауруларына қарсы құрес жөніндегі іс-шаралар шенберінде ғылыми, ұйымдастырушылық-әдістемелік, емдеу-диагностикалық және кеңес беру жұмысы болып табылады.

14. Қойылған мақсатты іске асыру үшін Кәсіпорын мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) медициналық көмектің тегін кепілдік берілген көлемі шенберінде мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмек түрінде кеңес-диагностикалық, стационарлық, стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсету;

2) туберкулез және басқа да тыныс алу мүшелерінің ауруларынан мүгедектік пен өлімді, сырқаттанушылықты төмендетуге бағытталған емдеу-диагностикалық, профилактикалық іс-шаралар кешенін ұйымдастыру және жүргізу;

3) науқастарға кеңес беру үшін жоғары білікті мамандарды тарта, зерттеп қараудың қазіргі заманғы әдістерін қолдана отырып қажетті зертханалық, аспаптық және аппараттық диагностикалық зерттеулерді жүргізу;

4) аурулардың алғашқы және қайталау профилактикасын жүргізу, науқастардың жекелеген санаттарына динамикалық медициналық бақылау жүргізу;

5) бейінді науқастардың уақытша және тұрақты еңбекке жарамсыздығына сараптама жүргізу, басқа жұмысқа ауысуға немесе санаторийлік-курорттық емделуге мұқтаж адамдар үшін еңбекке жарамсыздық парактарын беру және ұзарту, еңбекке қабілеттілігін тұрақты жоғалту белгілері бар адамдарға медициналық-әлеуметтік сараптамаға жолдама беру;

6) эпидемияға қарсы (тұтынушылардың құқығын қорғау жөніндегі департаменті мамандарымен бірлесіп), оның ішінде иммунопрофилактика мен вакцинациялау (егу, инфекциялық науқастарды анықтау, диспансерлік бақылау) бойынша іс-шаралар жүргізу;

7) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы сатып алу, сақтау және пайдалану, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның мұқтажы үшін дәрілік нысандарды дайындау, есірткі және психотроптық заттар мен перекурсорларды сақтау, тасымалдау, бөлу, сатып алу және жою;

8) іргелі ғылыми зерттеулерді жүргізу, фтизиатрия мен пульмонология саласында диагностиканың, емдеу және профилактиканың жаңа әдістерін әзірлеу және жетілдіру;

9) өнірлік амбулаториялық-емханалық және стационарлық ұйымдар қызметінің мониторингіне қатысу, оларға туберкулез және басқа да тыныс алу мүшелері ауруларының мәселелері бойынша медициналық-санитариялық көмекті дамыту мен жетілдіру жөнінде көмек көрсету;

10) ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыстарды орындау, республикадағы туберкулез бойынша эпидемиологиялық ахуалға жедел бақылауды жүзеге асыруға қатысу;

11) Қазақстан Республикасының туберкулезге қарсы қызметінің құқықтық нормативтік актілерінің жобаларын дайындауға қатысу;

12) респубикалық, халықаралық ғылыми форумдарды (конференцияларды, съездерді, семинарларды) ұйымдастыру мен өткізуға қатысу;

13) ұзақ стационарлық емдеуді талап ететін оқушыларды оқытуды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдастыруға қатысу;

14) фтизиатрия мен пульмонология тәжірибесінде озық медициналық технологияларды әзірлеуге және енгізуға қатысу;

15) фтизиатрия, пульмонология мәселелері мен салауатты өмір салтын насхаттау бойынша ғылыми еңбектерді, журналдарды, ақпараттық-білім беру материалдарын басып шығаруға қатысу;

16) туберкулезге қарсы ұйымдарда фтизиатрия, пульмонология және инфекциялық бақылау бойынша дипломнан кейінгі оқытуды (бастапқы мамандандыру, жетілдіру, семинарлар, шеберлік-сыныптарын және т.б.) өткізуға қатысу;

17) ғылыми кадрларды (резидентура, докторантура) даярлауға қатысу.

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не директорының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Директордың Кәсіпорынның жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

4. Кәсіпорынды басқару

18. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Кәсіпорынның құрылтайшысы болады;

2) Қазақстан Республикасының атынан Кәсіпорынға қатысты республикалық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жүзеге асырады;

3) тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттарын, сондай-ақ осы қызметті жүзеге асыратын Кәсіпорынның түрін айқындауды және Кәсіпорынның Жарғысын, оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

4) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынға берілген немесе ол өз шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;

5) Кәсіпорын мүлкінің мақсатты және тиімді пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

6) Кәсіпорынның мемлекеттік мүліктің нысаналы пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша анықталған, артық, пайдаланбайтын не мақсатына сай пайдаланбаған мүлкін, бақылауды жүзеге асырган кезден бастап алты ай өткен соң тиісті саланың уәкілетті органының келісімінсіз алып қоюды жүзеге асырады;

7) Кәсіпорынға алып қойылған мүлікті күтіп ұстау және оны кейіннен тенгерімнен шығара отырып, өзге тұлғаға бергенге дейін сақталуын қамтамасыз ету мерзімін белгілейді;

8) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асыруға келісім береді;

9) Кәсіпорынға бекітіліп берілген мүлікті (ол өндірген өнімді сатуды қоспағанда) иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, филиалдар мен өкілдіктер құруға, сондай-ақ дебиторлық берешекті беруге және есептен шығаруға келісім береді;

10) Кәсіпорынға бекітіліп берілген мұлікті муліктік жалдауға (жалға алуға) беруге талдау жүргізеді;

11) Кәсіпорынның жұмыс істеуі мен оны басқару тиімділігінің мониторингін ұйымдастыруды және жүргізуі жүзеге асырады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді шешеді.

19. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсететін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды;

2) мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсатын айқындау бойынша, сондай-ақ осында қызметті жүзеге асыратын Кәсіпорынның түрін айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

4) Кәсіпорын мұлкінің сакталуына және Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуына талдауды және бақылауды жүзеге асырады;

5) мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорынға берген немесе ол өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мұлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;

6) Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асырады;

7) Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;

8) мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органмен қелісім бойынша Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

9) Кәсіпорынның таза табыстың белгіленген бөлігін республикалық бюджетке толық және уақтылы аударуын бақылауды жүзеге асырады;

10) Кәсіпорын директорының ұсынымы бойынша оның орынбасарларын қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

11) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

12) Кәсіпорын директорының, оның орынбасарларының және бас бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйлақы жүйесін белгілейді;

13) Кәсіпорын директорының ұсынымы бойынша Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындауға және қызметтен босатуға келісім береді;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жататын басқа да мәселелерді шешеді.

20. Кәсіпорынның органдары оның директоры және байқау кенесі болып табылады.

21. Директорды тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындастын тәртіппен жүзеге асырылады.

22. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның директорымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа, бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігі уақтылы аударылмағаны үшін Кәсіпорын директордың жауапкершілігі айқындалады.

23. Кәсіпорынның директоры Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мұлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

24. Кәсіпорынның директоры Кәсіпорында сыйайлас жемқорлыққа карсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

25. Кәсіпорынның директоры дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз күзыретіне сәйкес дербес шешеді.

26. Директор:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шектерде Кәсіпорынның мұлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндettі бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес өзінің орынбасарларын қоспағанда, Кәсіпорынның қызметкерлерімен еңбек шартын жасасады және бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;

8) белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде еңбекақы төлеу нысанын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылардың мөлшерлерін, Кәсіпорынның қызметкерлеріне (өзінің орынбасарлары мен бас бухгалтерді қоспағанда) сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;

9) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

10) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлінің құзыретін белгілейді;

11) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

12) Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

27. Оңалту және банкроттық туралы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген тәртіппен Кәсіпорынды банкрот деп таныған немесе оңалту рәсімін қолдану және уақытша не банкроттық немесе оңалту басқарушыны тағайындаған жағдайда басқару жөніндегі барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттық немесе оңалту басқарушыға өтеді.

5. Байқау кеңесімен Кәсіпорынды басқарудың ерекшеліктері

28. «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің қарамағындағы республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарды қайта ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 18 қаңтардағы № 8 қаулысына сәйкес Кәсіпорында Кәсіпорынның органы – байқау кеңесі енгізілді.

29. Байқау кеңесі құрылатын шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорындарға қойылатын өлшемдерді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

30. Байқау кеңесін құру тәртібін, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

31. Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін анықтау тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындаиды.

32. Кәсіпорынның байқау кеңесі туралы ережені, Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысын шақыру және өткізу тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

33. Кәсіпорынның байқау кеңесінің мынадай өкілеттіктері бар:

1) Кәсіпорынның даму жоспарының жобасы және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытындыны тиісті саланың уәкілетті органына береді;

2) дамыту жоспарын орындау туралы есептің жобасын келіседі, Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекітеді;

3) демеушілік және қайырымдылық көмекті, қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде Кәсіпорынның иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджет қаражатын және қосымша көздерден алынған қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылау үшін Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттардың мақсатты пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін тиісті саланың уәкілетті органына ұсыныстар енгізеді;

- 5) Кәсіпорынның Директорын тағайындау және онымен еңбек шарты бұзу мәселелері жөніндегі ұсыныстарды тиісті саланың уәкілетті органымен келіседі;
- 6) дамыту жоспарымен бекітілген қаражат шегінде қосымша қаржы көздерінен Кәсіпорын қызметкерлерінің, директордың, оның орынбасарларының, бас бухгалтердің лауазымдық айлықақыларына үстемеақы, сыйакы беруді және материалдық көмек көрсетуді белгілеуге қатысты шешімдер қабылдайды және ұжымдық келісім шартты әзірлеуге қатысады;
- 7) байқау кеңесі хатшысының өкілеттілігінің айлықақысының көлемін және мерзімін тағайындауды, анықтайды және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;
- 8) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстарды енгізеді;
- 9) Кәсіпорын қызметтерінің басым бағыттары бойынша ұсыныстарды әзірлейді;
- 10) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларда қатысуы туралы ұсыныстарды енгізеді;
- 11) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорын өкілдіктерінің филиалдарын құру және жабу бойынша ұсыныстарды енгізеді.

6. Кәсіпорынның мұлкі

34. Кәсіпорынның мұлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.
35. Кәсіпорынның мұлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.
36. Кәсіпорынның мұлкі:
- 1) оған меншік иесі берген мұліктің;
 - 2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мұліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.
37. Кәсіпорынның қарамағында тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мұлкіға болуы мүмкін.
38. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе бұл заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген талаптармен және тәртіппен жүзеге асырылады.
39. Шаруашылық жүргізудегі мұлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша

алған мұлік меншік құқығын алу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне туследі.

40. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мұлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мұлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындаиды.

41. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мұлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйфа тарту шарттарының негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

42. Кәсіпорынның мұлкіне шаруашылық жүргізу құқығы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 43-тармағында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

43. Осы Жарғының 42-тармағында көзделген шаруашылық жүргізу құқығын тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, шаруашылық жүргізу құқығы Кәсіпорыннан мұлікті меншік иесінің шешімі бойынша заңды түрде алынған жағдайда тоқтатылады.

Заңды түрде алып қою жағдайларына, атап айтқанда, мыналар жаткызылады:

- шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның жарғылық қызметінің мақсаттарына жауап бермейтін мұлікті алып қою;
- артық, пайдаланылмайтын не мақсатқа сай емес пайдаланылатын мұлікті алып қою.

44. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мұлікті алып қою туралы шешімінде мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті орган Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстаудың және сақталудың қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

45. Кәсіпорын мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен тиісті саланың үәкілетті органдың ұсынымы бойынша мыналарға:

- 1) филиалдар, өкілдіктер құруға;
- 2) оған тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына, сондай-ақ дебиторлық берешегіне билік етуге;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге;
- 4) карыздар беруге құқылы.

46. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мұлікке дербес билік етеді.

47. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі немесе меншік иесі (мемлекеттік мұлік жөніндегі уәкілетті орган) өзгеше белгілемесе, осы Жарғының 45 және 46-тармақтарында көрсетілген мұлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

7. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

48. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындаиды.

49. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен республикалық бюджетке аударылуы туіс.

Кәсіпорын таза табысының бір бөлігі республикалық бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

50. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес өткізеді.

51. Кәсіпорын өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) бағалары Кәсіпорынның оларды өндіруге жұмсаған шығындарын толық өтеуді, оның қызметінің залалсыздығын және өз табыстары есебінен қаржыландырулын қамтамасыз етуге туіс.

Бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (қызметтердің) көлемі шеңберінде өндірілетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) бағаларын тиісті саланың уәкілетті органымен келісім бойынша Кәсіпорын белгілейді.

52. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда көзделмеген қызметті жүзеге асырудан Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен күралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мұлікті бухгалтерлік есеп кағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

8. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

53. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 868 937 900 (сегіз жүз алпыс сегіз миллион тоғыз жүз отыз жеті мың тоғыз жүз) теңгені құрайды.

Жарғылық капиталды меншік иесі (құрылтайшы) Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуі сәтіне толық қалыптастыруы туіс.

9. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

54. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынның директоры бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

55. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік тенгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

56. Байқау кеңесі бар Кәсіпорын жылдық қаржылық есеп беруге аудит жүргізуге міндетті.

Кәсіпорын аудиті Кәсіпорынның қаражаты есебінен байқау кеңесінің, директордың, тиісті саланың уәкілетті органының бастамасы бойынша жүргізуі мүмкін.

10. Кәсіпорынның жауапкершілігі

57. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша оған тиісті бүкіл мүлкімен жауап береді.

11. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас

58. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымының арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

59. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидаларына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12. Кәсіпорынның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

60. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

61. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылардың мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындейды.

62. Кәсіпорын директорының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

13. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

63. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

64. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.


65. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған каражатты қоса алғанда, республикалық бюджеттің табысына есептеледі.

14. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

66. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның бүйрүғымен енгізіледі.

Уәкілетті тұлға М.М. Аденов



Утвержден
приказом Председателя Комитета
государственного имущества и
приватизации Министерства финансов
Республики Казахстан
от «4» мая 2017 года
№ 516

1. Республиканское государственное бюджетное учреждение «Национальный научный центр фтизиопульмонологии Республики Казахстан» (далее – Предприятие) создано в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве хозяйственного ведения.

2. Предприятие создано в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от «16» января 2017 года № 8 «О некоторых вопросах реорганизации республиканских государственных учреждений предприятий находящихся в ведении Министерства здравоохранения и социального развития Республики Казахстан». В том числе преобразовано республиканского государственного бюджетного предприятия «Национальный научный центр фтизиопульмонологии Республики Казахстан» Министерства здравоохранения и социального развития Республики Казахстан и является преемником его по праву и обязанностям в том же областях, определенных

Устав

республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Национальный научный центр фтизиопульмонологии Республики Казахстан» с наблюдательным советом Министерства здравоохранения и социального развития Республики Казахстан

3. Органом, осуществляющим управление Предприятием, является Министерство здравоохранения и социального развития Республики Казахстан (законодательный орган соответствующей сферы).

4. Написание Предприятия:

«Национальный научный центр фтизиопульмонологии Республики Казахстан» (далее – Предприятие) – в русском языке – Республиканский Денежный агентство министерству здравоохранения и социального развития Республики Казахстан (далее – Унитary фтизиопульмонологиқ ғылыми-практикалық жаңылар жөнүндө күсілдігінің республикалық мекемесі) (далее – Унитary фтизиопульмонологиқ ғылыми-практикалық жаңылар жөнүндө күсілдігінің республикалық мекемесі) в русском языке – республиканская государственная организация на праве хозяйственного ведения «Национальный научный центр фтизиопульмонологии Республики Казахстан» с наблюдательным советом Министерства здравоохранения и социального развития Республики Казахстан, в алматинском языке – Юридическое лицо с ограниченной ответственностью «Национальный научный центр фтизиопульмонологии Республики Казахстан» с наблюдательным советом Министерства здравоохранения и социального развития Республики Казахстан, в казахском языке – РДОО «Национальный научный центр фтизиопульмонологии Республики Казахстан» с наблюдательным советом Министерства здравоохранения и социального развития Республики Казахстан.

5. Место размещения Предприятия – 050010, Республика Казахстан, город Алматы, улица Бекжанова, 16.

город Алматы, 2017 год

1. Общие положения

1. Республиканское государственное предприятие «Национальный научный центр фтизиопульмонологии Республики Казахстан» с наблюдательным советом Министерства здравоохранения и социального развития Республики Казахстан (далее - Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве хозяйственного ведения.

